



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 42/427

23 октября 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

Дайджест казахстанской прессы

Новости Ассамблеи НК

ПРЕЗИДЕНТ РК ПОДПИСАЛ УКАЗ О ПРИСУЖДЕНИИ АИМБЕТОВУ ЗВАНИЙ ЛЕТЧИКА-КОСМОНАВТА И "НАРОДНЫЙ ГЕРОЙ"

В ходе церемонии вручения высших государственных наград в Акорде 14 октября космонавт Айдын Аимбетов передал Нурсултану Назарбаеву Государственный флаг Республики Казахстан, который он взял с собой в космос, передает Kazpravda.kz.



14 октября, Главой государства был подписан Указ о присвоении Айдыну Аимбетову звания "Халық Қаһарманы" за выдающиеся заслуги в освоении космического пространства, героизм и мужество, проявленные при выполнении космического полета с вручением знака особого отличия – "Золотой Звезды" и ордена "Отан".

"Сегодня мы чествуем славного сына нашего народа – космонавта Айдына Аимбетова. Месяц назад он совершил свой первый десятидневный полет в составе международного экипажа. Айдын Аимбетов стал третьим космонавтом независимого Казахстана. Я поздравляю весь наш народ с новой вершиной достижения Казахстана, – отметил Назарбаев. – Особую благодарность хотел бы направить в адрес российских партнеров, российских руководителей, а также зарубежных участников завершившейся экспедиции".

"Это новый старт для космического будущего нашей страны. Вызов земному притяжению всегда был, есть и будет величайшим подвигом человека, но только самым достойным и мужественным он покоряется. Таким героем сегодня стал наш третий космонавт Айдын Аимбетов", – сказал Назарбаев.

"Для меня сегодня самый волнующий и счастливый день в моей жизни, потому что сегодня я получил высшую награду родины – "Золотую Звезду" из рук моего Президента", – сказал в ответном слове А.Аимбетов.

"Для меня было наивысшей честью представлять Казахстан в международном экипаже. И я приложу все знания, силы и опыт во благо даль-

нейшего развития космической отрасли", – сказал космонавт, добавив, что к этому полету он готовился с 1998 года.

Отметим, что традицию брать с собой государственные символы в космос заложил в 1994 году летчик-космонавт Талгат Мусабаев, который первым взял в полет флаг, горсть земли и священную книгу Коран.

Напомним, что исследовательская программа космонавта включала программы: "Релаксация" – изучение атмосферных оптических явлений на орбитальных высотах и при входе тел в разреженную верхнюю атмосферу, "Ураган" – экспериментальная отработка методов наземно-космической системы прогнозирования, снижение ущерба и ликвидации последствий природных и техногенных катастроф, "Контент" – дистанционный мониторинг психофизиологического состояния экипажа, а также внутригруппового и межгруппового взаимодействия на основе содержательного анализа коммуникации между экипажем и ЦУП, "Взаимодействие" – изучение влияния многонационального состава экипажей МКС на межличностное и межгрупповое взаимодействие, "Кулоновский кристалл" – изучение динамики системы заряженных частиц в магнитном поле в условиях микрогравитации и другие эксперименты.

по материалам интернет-изданий РК

Қазақ хандығына 550 жыл

АҒЫБАЙ АТЫ КӨПКЕ ОРТАҚ

Астана – Алматы тас жолымен келе жатқанда Тасарал ауылының тұсынан өтер жердегі дәмхана орналасқан төбеге Ағыбай бабамыздың рухына арнап белгі орнатылғаны көңіл қуантады. Тарихтан бейхабар кейбір кісілер «Осы жерде Ағыбай батыр қайтыс болыпты...», деп жатқанын естігеніміз де бар. Мейлі, жансақ пікір айтса да, осы тұстан өтерде бабамызға қол жайып, бет сипап өтсе де, әруаққа тие береді ғой. Менің сөз еткелі отырғаным – неге бұл маңға бабаға белгі қойылуы жайында болмақ. Бәлкім тарихтан хабары аз жандар сонда ғана бұның мәнісін түсінетін шығар. Ағыбай батырдың өмірбаянын қазбалап, оның есепсіз ерліктері жайында баяндап жатпай-ақ қояйын. Оны бүгінде елдің бәрі біледі деп ойлаймын.

Бүгінгі Приозерск қаласының орналасқан жері кешегі қала құрылысына қада қаққанға дейін «Қоржынтүбек» аталғаны көпке мәлім болар. Бүгінгі бажайылып қарасаныз, қала орналасқан жер екі жағы иіліп келген, көлге еңдей сұғынған, суреттен қарағанда қоржынды елестететінін байқар едіңіз. Қазақ ашанда ат қоюға келгенде шебер ғой, суға кірігіп жатқандықтан «Қоржынтүбек» атап кеткен. Осы жерді аталарымыздың мекен етіп, тіршілік еткеніне де бүгінде үш ғасырдың жүзі болғаны кәдік. Кешегі Кенесары ханның көтерілісі кезінде ханның бас батырларының бірі болған Ағыбай батыр қолы мен ізіне ерген елі Қоржынтүбекке келіп қоныстанып, тынығып отырған көрінеді. Бұл маңай қонысқа да жайлы, көзден де таса, суы да мол жер болған-

дықтан да, осы жерді таңдауы тегін емес. Бұл жерді Ағыбайдың туа бітті атақонысы, көп жылын өткізген мекені деп жансақ пікір айтуға әсте болмайды. Ал, әр жылдары, әр мезгілдерде осында келіп аялдаған, мерзімдік мекен еткен, көлігін тыңайтып, елін тынықтырған дегенді көпті көрген үлкен кісілердің аузынан бала кезімнен есітіп өстік. Бұл жайлы кейбір жазба деректерде де кездесіп қалады. Сондықтан жоғарыда айтқан, Тасарал тұсындағы бабаға қойылған белгінің орнатылуы өте орынды болған дер едім. Осы аумаққа Ағыбай батырдың табаны тигені рас қой. Олай болса, белгінің қойылуына да негіз бар.

Ағыбай батырдың 200 жылдығына орай Приозерск қаласындағы көшенің біріне баба есімі берілуі де құптарлық іс. Бірнеше ғасырда бір туатын ондай ардақты адамның атын бұдан да үлкен нысандарға, тіпті қалаға беру де көптік етпес еді. Бабамыз батырлығымен қатар айтқаны айнымай, болжаны жазбай келетін әулие кісі де болған екен. Қорыта айтқанда, қазақ хандығының 550 жылдығы мерекеленіп жатқан жылда осы кісілердей хандықтың тұрақтылығы жолында күресіп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан бабаларымыздың есімдерін еске алып қойғымыз келді. Қазақтың қай батыры да бізге ортақ және мадақ пен ардақтауға лайық деп ойлаймын.

Амандық Жұмаханұлы Серіков,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

РАСШИРЕННОЕ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА



Астана. 17 октября 2015 года в Национальной академической библиотеке РК состоялось расширенное заседание Совета Ассамблеи народа Казахстана с участием Государственного секретаря Республики Казахстан Гульшары Абдыкаликовой.

В работе Совета приняли участие депутаты Парламента РК, представители Администрации Президента, государственных органов, этнокультурных объединений, члены научно-экспертного совета, СМИ и зарубежные гости.

Выступая перед участниками заседания, Гульшара Абдыкаликова отметила, что реализация Пяти институциональных реформ Главы государства Н.А.Назарбаева, Плана нации «100 конкретных шагов» предполагает глубокое реформирование работы государственных и общественных институтов. В этой связи особо возрастает роль Ассамблеи народа Казахстана – как одного из ключевых институтов, обеспечи-



вающих общественное согласие и общенациональное единство.

Члены Совета рассмотрели ход реализации и итоги мероприятий Года Ассамблеи народа Казахстана, а также проект Концепции развития Ассамблеи народа Казахстана до 2025 года.

По итогам заседания Совета АНК Государственный секретарь РК Г.Н.Абдыкаликова дала ряд конкретных поручений по дальнейшему укреплению единства и согласия в обществе.

источник: www.akorda.kz

Утвержден новый стандарт

О НОВОМ СТАНДАРТЕ НА ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГЕРБ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию сообщает, об утверждении национального стандарта СТ РК 989-2014 «Государственный Герб Республики Казахстан. Технические условия» с датой введения в действие 1 января 2016 года.

В новый стандарт включены изменения, которые позволят улучшить производство Государственного Герба Республики Казахстан:

1. Пересмотрены требования к цветовому исполнению Государственного Герба Республики Казахстан.

Было принято за основу взять цвет стандартизованного материала латуни марки Л-63 по ГОСТ 15527-2004 «Сплавы меди – цинковые (латуни), обрабатываемые давлением. Марки».

Кроме того, цвет латуни марки Л-63 соответствует координатам цветовой модели Lab (77*4*31), с учетом текстуры и блеска системы.

Система Lab описывает все цвета, имеет широкий цветовой охват и совместима с устройствами определения цвета (спектрофотометр).

Данное нововведение связано с тем, что стандартизованный материал наиболее доступен в отличие от каталога металлизированных цветов PANTONE, кроме того, каталог металлизированных цветов PANTONE ежегодно пересматривается, что тоже делает его не удобным в применении.

2. Введены допуски размеров и цвета, что позволяет изготавливать изделия с определенной погрешностью, так как, не возможно изготовить абсолютно идентичные по размерам изделия.

3. Автором Государственного Герба с учетом предложений производителей были рассмотрены конструкторские чертежи и по результатам которых:

-проведена детализация всех элементов Государственного Герба;

-приведены все необходимые размеры для моделирования элементов;

-приведены наименования всех необходимых составных элементов, которые отсутствовали в редакции 2008 года.

4. Введены стандартизованные методы контроля (испытания), что позволяет осуществлять контроль производства по установленным параметрам и требованиям, а также проводить однозначное подтверждение соответствия стандарту в спорных случаях;

5. Введен гарантийный срок эксплуатации, который составляет не менее 3 лет, что обяжет производителей производить качественную продукцию.

Еще одним актуальным вопросом является вопрос замены ранее выпущенных Государственных Гербов.

Министерством индустрии и новых технологий по согласованию с Государственной комиссией по государственным символам утверждена следующая модель введения нового стандарта:

Во-первых: СТ РК 989-2014 «Государственный герб Республики Казахстан. Технические условия» вводится в действие с 1 января 2016 года.

Во-вторых: установлен срок действия национального стандарта СТ РК 989-2008 «Государственный Герб Республики Казахстан. Формы, размеры и технические требования» до 1 июля 2017 года, который распространяется на государственные Гербы Республики Казахстан изготовленные и размещенные до 1 января 2016 года, что позволит поэтапно провести замену Государственных Гербов старого образца.

Сатыбалдинов Н.А.,
главный специалист Департамента КТРМ
по Карагандинской области



МАМАНДЫҒЫНДА МАДАҚҚА ИЕ



Елімізде әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби мерекесі әр жылы қазан айының соңғы жексенбісінде аталып өтіледі. Қоғамдағы ең ауыр әрі жауапкершілігі жоғары жұмыс әлеуметтік сала қызметкерлеріне тиесілі екен. Өйткені, олар көмекке мұқтаж жандарға рухани қуат беріп, күйбең тіршілікте қолғабыс етеді, жандарына жалау болады. Бүгінде біздің мемлекетіміз – мұқтаж жандарды, ең алдымен мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау мәселесіне айрықша көңіл бөліп келе жатқан дамушы мемлекеттердің қатарында. Кәрілік жеңіп, «базардан қайтып келе жатқан» әке-шешені далаға тастамай, керісінше, балаларының бірі бағып, бірі күтіп отыратын қазақ үшін бұл қызметтің бастапқыда таңсық болатын реті бар еді. Алайда, елімізде әлеуметтік қызметкерлердің көмегіне мыңдаған мүгедектер, зейнеткерлер, жалғызділікті қарттар зәру. Әлеуметтік қызметкерлер таңның ағысы, кештің батысы бір тыным таппайды. Аталмыш мекемеде қызмет ететін мамандар қамқорлығындағы әр адамға аптасына екі рет соғады. Бір күнде төрт адамның үйіне барып үлгеруі тиіс. Әр үйде 1,5-2 сағаттай болып, әлеуметтік қызмет көрсетеді. Олардың арасында әртүрлі мінездегі кісілер де кездесіп жататыны жасырын емес. Солардың бәрінің көңілін шығып, өзіне тапсырылған жауапкершілікті жұмысты мінсіз атқарып шығуға тиіссіз. Бұның айтар ауызға ғана жеңіл екенін сондағы мамандар жақсы біледі. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз осы салада 17 жылдан бері қызметте келе жатқан Баян Мақашқызы Нұрмағанбетова болмақ.

Мекеме басшысы Ким Анна Лукиничнадан мереке қарсаңында бөліміндегі таңдаулы мамандардан бірін атаңыз деп өтінгенімде, ол кісі Баянның есімін атаған болатын. Баян Мақашқызын мен жиырма жылдан бері танимын. Қызметіне байланысты да бірнеше рет алдында болғаным бар. Тумысынан ұстамды, сабырлы да, салмақты, кісімен тіл табысып сөйлесе алатын, айтарын тиянақтап түсіндіре білетін қасиет әлеуметтік сала қызметкеріне бірінші кезекте қажет. Бұл қасиеттер оның бар болмысынан табылады. Адамның көптеген жақсы қасиеттері туған топырағынан дариды деп жатады ғұламалар. Оған отбасыда ата-анадан алған тәрбиені де қосыңыз. Баян бұл жағынан да кенде емес. Туған

жері – Жамбыл облысы, Шу ауданы, Киров ауылы. Қаймағы бұзылмаған, қазақы құндылықтарды әлі де ту етіп келе жатқан рухани байлығы мол орта. Ол орта мектепті бітірген соң Жамбыл есеп-санақ техникумына оқуға түсіп, бухгалтер мамандығын алып шыққанға дейін еңбек жолын бригаданда жұмысшы болып бастаған. Кісіге бақдәулет пен ырыс-берекенің еңбектің ащы тері арқылы келетінін жас кезінен сезініп өскен. 1995-жылы Приозерск қаласына отбасымен көшіп келген Б.Мақашқызы, 1998-жылы сол кездегі «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне» аға маман болып қызметке орналасып, содан бері осы бөлімде табан аудармай қызмет етіп келеді. Қиындығы мол қызметте көп нәрсені көрді, көңіліне түйгені де жетерлік. Қарттармен, мүгедектермен, көп балалы отбасылармен жұмыс істеудің оңай еместігін бір кісідей білеміз. Арасында қаншама мінезі қиын жандар да ұшырасып жатады. Оған қоса білімің мен білігің де кемшін болмауы тиіс. Сондықтанда ол үнемі ізденісте және уақытылы білім дәрежесін көтеріп отырады.

Б.Нұрмағанбетованың бүгінгі атқаратын қызметі – қаланың аз қамтамасыз етілген азаматтарына мемлекеттік ағаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа дейінгі балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы және тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу болып табылады. Тапсырылған құжаттарды мұқият тексерістен өткізіп, отбасылардың жай-жағдайымен терең танысып шығу да оның басты міндетіне кіреді. Оның алдына келген жандар ешқашан көңілі қалып немесе ренішпен қайтқан емес. Барлық мәселенің жай-жапсарын келушіге түсінікті тілмен ұғындырып отыруды дағдыға айналдырған ол алдына келгендердің көңілін тауып отырады. Баян Мақашқызының ұзақ жылдық және тиянақты қызметі тиісті органдар тарапынан ескеруісз қалмаған. Әртүрлі дәрежедегі сертификаттар мен мақтау грамоталары, облыс әкімінің алғыс хаты осының айғағы. Қазіргі кезде қызметке келіп, қатарға қосылып жатқан жас мамандардың ақылшысы, үйретушісі және ұстазы ретінде де үлкен бедел мен құрметке ие. Ұзақ жылдық тәжірибе өзін шындап жатса, өзгелерге өнеге болуда.

Ол ұйып отырған отбасының қадірлі отанасы да. Ішкі істер саласында көп жыл қызмет етіп, зейнетке шыққан өміржолдасы Ғалымжан екеуі Мәншүк, Дамир және Сырым атты бүлдіршіндей ұл-қыздарды дүниеге әкеліп, ұлттық құндылықтарды бойларына дарыта тәрбиелеп-өсіруде. Тұңғыштары Мәншүк арнаулы оқу орнын бітіріп, бүгінде Алматы қаласында қызмет жасап жүр. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасын!», - деген халықтың қанатты сөзі Баян секілді жандарға қарата айтылғандай. Оны және әріптестерін жуықтап қалған кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз және алдағы қызметтік жолдарына жетістіктер тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,

газеттің арнаулы тілшісі

суретте: Б.Нұрмағанбетова жұмыс үстінде суретті түсірген автор

Бәріміз де бірдейміз..!

СЫБДЫРЫ СҮЛУ АЛТЫН КҮЗ

2015 жылдың 15 қазанында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімінде қамқорлық мүгедек балаларға арналған «Сыбырлы сұлу, Алтын күз» атты мерекелік кеш ұйымдастырылған болатын. Кештің мақсаты: жарымжан жандарға мерекелік көңіл – күй сыйлау. Табиғат анамыздың сыйға тартқан сұлу да көркем мезгілін оқырман қауымға жеткізе отырып, айналамызды қоршаған табиғатымыздың алтындай сары түске боялғанына тоқталып, күз мезгілінің адамға берер пайдасы туралы айту. Күздің негізгі символдарына тоқталу. Сонымен қоса дәстүрге сай көрме ұйымдастырылды. Көрмеге «шебер қолдар» үйірмесінің мүшелері жасаған қол өнер бұйымдары қойылды.

Оқырмандар осы кешімізге бар ынта – жігерлерімен қатысып өздерінің өнерлерін ортаға салды. Кеште қазіргі заманауи би де, сызылға салған ән де гимнастикалық қойылым да көрсетіліп келген қонақтарымыз бір сәт болса да сергіп қалды. Сонымен қоса осынау «Алтын күз»

жас ақын қызымыздың шабытын оятса керек 4 сынып оқушысы Бекназарова Айнуір «Күз келді далама» атты өлеңін жолдап көрермендерімізді қуанышқа бөледі.



Күз дегеніміз - байлық, молшылық жазира даланың дархан дастарханы. Самалмен тербелген егін сабағы молшылықтың нышаны. Өңін жел қағып, күн сүйген жандардың қажыр кайраты. Олай болса құрметті оқырман қауым күз мерекесі баршаныңға береке мен молшылығын ала келсін.

Сәбит Сымбат,

балалар бөлімінің кітапханашысы

ЕҢБЕКҚОР ДА, ЕЛГЕЗЕК ЖҮРГІЗУШІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013-жылғы 22-қарашадағы № 698 Жарлығымен елімізде «Еңбек күні» мерекесі белгіленгені аян. Бұл мереке әр жылы қыркүйек айының соңғы жексенбісінде атап өтіледі. Мұны қарапайым еңбек адамдарына көрсетілген құрмет деп білуге тиіспіз. Қай кезде де қоғамдағы ауыр да, қиын жұмыстарды қарапайым еңбек адамдары атқарады. Олардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жатқан үлес-салмағы өлшеусіз екені анық. Сондықтанда олардың тыныс-тіршілігімен танысып, жасап жүрген елеулі еңбектерін жұртшылық назарына ұсынып отыруды редакция ешқашан өз назарынан тыс қалдырмайды.

Приозерск қаласының «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіру Басқармасында» 20 жылдан бері табан аудармай еңбек етіп келе жатқан Өмірзақ Қаленұлы Қарақұловтың аталмыш мекеменің жұмысының алға басуына қосып жүрген қызметі ұшан-теңіз. Тумысынан елгезек, жұмысты ауыр, жеңіл деп талғап жатпайтын атпал азаматтың техника руліне отырғанына бүгінде отыз үш жылдың жүзі болыпты. Бала кезіне техникаға әуес болған ол орта мектепті аяқтаған соң тракторшылар дайындайтын кәсіптік мектепті бітіріп, ауыл шаруашылығында трактор жүргізуден еңбек жолын бастаған ол өзінің туған ауылы Өтемұратта жұмыс істеген. 1995-жылы Приозерск қаласына көшіп келісімен-ақ техника тілін жетік меңгерген оны әртүрлі маркадағы тракторларды жүргізуге отырғызған болатын. Осы таңға дейінгі қаланың өсіп-өркендеуінде Өмірзақтың өшпес қолтаңбасы қалды және алдағы уақытта да талай жұмыстың басын қайырып тастайтыны сөзсіз. Кейіншілік біржолата жүк көлігінің руліне отырып, өзіне тапсырылған жауапты жұмыстарды тыңғылықты атқарудан танған емес. Екі жыл бұрын «КТҰҚҚБ» мекемесіне біраз жаңа техникалар сатып алынғаны белгілі. Осы сәтте мекеме басшылығы «КАМАЗ» маркалы әмбебап автокөліктің тізгінін Өмірзаққа сеніп тапсырды. Себебі оның өзі де бесаспап, техникаға көзінің қарашығындай қарайтын, жауапкершілігі мықты, тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай етіп орындайтын жігіт екеніне олардың көзі әлдеқашан жеткен. Қазіргі ол мінген көлік жаз айларында жолдың шаң-топырағын сыпырып, су сепсе, қыста қарды күрейді, сыпырады және топырақ түсеуге қауқарлы. Әмбебап техниканы бесаспап жігіт өз ықпалына тез-ақ көндіріп алды. Екі жыл болған көлігінің әлі күнге дейін кеше зауыттан шыққандай жап-жаңа күйінде сақталуы – оның өз көлігіне мұқият қарап жүретіндігін дерек береді. Қарапайым еңбек адамының атқарып жүрген мінсіз қызметі қала кімдікі мен мекеме басшылығы тарапынан үнемі марапатталып отырады. Ө.Қаленұлының қала тұрғындарының өлім-қазасы кездерінде мәйітті



өзінің жеке жүк көлігімен бейітке жеткізіп тұратын азаматтық, адами қызметі де тұғындардың ыстық ықыласы мен алғысын алуына себепші. Ол мұндай қошеметке өзінің елгезек, тілалғыштық қасиетімен ие болып жүрген жан. Жалпы, техника тілін жетік түсініп, жөндеуін білмеген адам бұл жұмыстың үдесінен шыға алмайды. Жастайынан техникаға қызыққан, еңбектеніп жүріп, ізденген Өмірзақ қазір кез-келген автокөлікті өзі жөндеп ала беретін шеберге де айналды. Ол жүргізген автокөлік ешқашан тоқтап тұрмайды, әрқашанда сапарға сай және таза қалпында тұрады. Мекемедегі қызу науқан кезінде арагидік оның автогрейдер руліне отыратын кездері де болып тұрады. Бұл техниканы меңгеру кез-келгеннің қолынан келе бермейді және оған мекеме басшылары үлкен сенім артады. «Бұл менің міндетім емес» деген ой оның қиялына да кірмейді. Өзіне артылған сенім мен жүктелген тапсырманы уақытылы, сапалы атқаруды ғана көздейді.

Өмірзақ Қарақұловтың отбасы қаламыздағы өскен-өнген, өнегелі шаңырақтардың бірі. Жұбайы Қуангүл №1 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып оқытушысы. Екеуінен өрбіген 3 ұл мен 2 қыздың алды бүгінде өз алдарына отау тігіп, отбасы болған. Баларынан туған 5 немерелері ата-әжесінің көзқуаныштары. Мектепте оқып жүргенде домбырада күй ойнайтын, бірнеше өнер байқауларына қатысып, жүлдегер атанған Ақниет атты қыздары бүгінде Балқаш қаласындағы физкультура колледжінің студенті атанып, мемлекеттің есебінен білім алуда. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық мақалы оның өмірлік ұстанымына айналған. Өз нәпақасы мен несібін еңбегі арқылы тауып жүрген қарапайым еңбек адамы осындай-ақ болсын. Ө.Қарақұловты және сол секілді еңбек адамдарын төл меркелімізмен құттықтаймыз және алдағы жұмыстарына сәттілік пен табыс, жетістік тілейміз!

Н.ӨТЕП,

суретте: Ө.Қарақұлов кезекті сапарға аттануда

Қарттарым аман-сау жүрсін..!

ЖАШЫРАҚ ЖАЙҒАН БӨЙТЕРЕК

Мемлекет тарапынан қазан айының 1-жұлдызы халықаралық қарттар күні болып белгіленіп, бұл күн 1990-жылдан бері мереке ретінде аталып келеді. Жасы келіп, шау тартса да қоғамда өзіндік орны бар, өзінің өмірлік тәжірибесі мен ақыл-көнісін ұрпақтарына ғана емес, жалпы жастарға өнеге етіп айтып отыратын қариялардың жөні бөлек. Біздің қарттарымыз – біздің асыл қазынамыз. Көз жүргіртпін қарайтын болсақ, олардың балалық және жастық шақтары заманның қиын-қыстау кезеңіне тап келген. Бүгінде көзі тірі олардың алды елдегі революцияға, орталары – ашаршылық пен соғыс жылдарына, ең жастарының өзі соғыстан кейінгі қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруге тұспа-тұс келеді екен. Сондай қиын-қыстау дәуірді бастан кешкен қариялардың бүгінгі ұрпаққа да берер тағылымы көп екені даусыз. Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау еткелі отырған кейіпкеріміз де сондай ақылман ақсақалдарымыздың бірі – еңбек жолын қарапайым шопандықтан бастап, өз білімімен жоғарғы оқу орын бітіріп, зейнетке шыққанша ұстаздық еткен Әділхан Наушаруанов болмақ.

Әділхан аға Өзбекстанның Науан облысына қарасты бірыңғай қазақ диаспорасы орналасқан Тамды ауданының тумасы. Ол 1939-жылғы 1-мамырда қазіргі Керегетау ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Бала шағынан білімге құмар болып өскен Әділхан аға 1958-жылы орта мектепті үздік бітіргенімен, бірден жоғарғы оқу орнына түскен жоқ. Қой бағатын әкесі Наушаруан аға баласын әуелі еңбекпен шынықтыруды ойласа керек, оны өзіне көмекші шопан етіп қалдырды. Өлекең 3 жыл бойы қой баға жүріп, өмірдің еңбек қазанында қайнап, пісті. 1961-жылы өзі қалаған мамандықтың білім ошағына қадам басудың сәті түскен еді...



Ауылдан өткініші көлікпен арман қуып аттанған сақа жігіт Бұхара қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне құжаттарын тапсырып, өз білімімен аталмыш институтқа оқуға түсті. Білім мен жаңалыққа құштар жан жоғарғы оқу орынын бітірісімен, өзінің туған ауылындағы мектепке мамандығы бойынша орналасты. Арасында Отан алдындағы борышын өтеп, Кострома облысындағы 33392 зымырандар әскери бөлімінде қызмет етіп қайтты. 1965-жылы бүгінгі отанасы Рәзия апамен шаңырақ көтеріп, толыққанды отбасылық өмірі басталып кеткен еді... Арада жылдар жылжып өтіп жатты. Ұстаздық жолдың өзіне тән қызығы мен қуанышы да жетіп артылады. Ол кісі ең бастысы – азаматтық, кісілік жолынан ауытқымаған жан. Бір кездері химия пәнінің мұғалімі жетіспей, осы пәннен дәріс беру Өдекеге тапсырылады. Қанша бас тартқанымен, оқу бөлімінің басшысы Совет Ұруовтің өзі өтініш еткен соң, амалсз қонуге тура келіпті. Бір басына 47 сағатпен жұмыс істеу керек болды. Қанша қиналса да, бұл істің де үдесінен шыққан. Ізденімпаз, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын ұлағатты ұстаз қызыме- (соңы 4 бет.)



ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ, ОНЫҢ ТҮРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 2014 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ МЕН 2015 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ АРАЛЫҒЫНА ЕСЕБІ

Құрметті қала тұрғындары!

Қалалық мәслихаттың регламенті негізінде мәслихат хатшысы жылына бір рет халық алдында есеп береді, сол себепті қалалық мәслихаттың атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы 2014 жылдың қазан айы мен 2015 жылдың қазан айы аралығына есебін ұсынамын. Мәслихат - қаланың халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган.

Қалалық мәслихат хатшысы ретінде қала әкімі өткізетін жедел кеңестер мен қала әкімдігінің отырыстарында әрдайым міндетті түрде қатысамын. Депутаттар қала әкімінің халықпен кездесуіне белсенді қатысып, атқарушы органдардың кеңестері мен консультативтік-кеңесші органдарының мүшесі болып табылады. Бұның бәрі өзара ақпарат алысуды жақсартуға, туындаған проблемалар бойынша шешімдер табуға мүмкіндік береді.

Мәслихат қызметінің негізгі нысаны мәслихат сессиясы болып табылады, онда мәслихаттың құзырына қатысты мәселелер шешіледі. Сессияда қарастырылатын мәселелерді сессия төрағасы, комиссиялар, депутаттар мен қала әкімі ұсынады.

2014 жылдың төртінші тоқсанында 2 сессия өтті, оның біреуі кезектен тыс. Сессияда барлығы 24 мәселе қарастырылды.

2015 жылдың 9 айында 5 сессия өтіп, оның екеуі кезектен тыс болды. Барлығы 52 мәселе қарастырылды, оның ішінде қала әкімінің депутаттар алдындағы есебі, Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі және де 12 қала мекеме басшыларының есебі. №5 сайлау округінің депутаты болып Балтышев Ерік Таткенұлының сайланғаны жөніндегі қалалық аумақтық сайлау комиссиясының хабарламасы назарға алынды.

Қалалық мәслихаттың барлық іс-шаралары ашық түрде жүргізіледі. Қала әкімі мен оның орынбасарлары міндетті түрде сессия жұмысына қатысып, қала мекемелері, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың басшылары шақырады.

Халықтан жедел ақпарат алу үшін біз алдын-ала қалалық газет пен интернет ресурстары арқылы сессияның өтетін күні мен сессияның күн тәртібін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы негізінде құқықтық нормаларды қарастыратын сессия шешімдері облыстық әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өтеді және Республикалық құқықтық ақпарат орталығына енгізіледі. Есеп беру кезеңінде 7 нормативтік құқықтық акт қабылданып, олардың барлығы мемлекеттік тіркеуден өтіп, қала аумағында орындалуға тиісті құжат болып есептеледі. Заңға енгізілген өзгерістерге байланысты бұрын қабылданған бір нормативтік құқықтық акт күші жойылды деп саналды. Келіп түскен құқықтық құжаттардың біреуі орындаушыға толықтыруға жіберілсе, екінші құжат қарастырысыз қайтарылды, себебі ол құжатты қарастыру облыстық мәслихаттың құзырына кіреді.

Қалалық мәслихатта үш тұрақты комиссия жұмыс атқарады. Есеп беру кезеңінде:

Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясы 6 отырыс өткізді. Отырыста 2014-2016 және 2015-2017 жылдарға арналған қалалық бюджетке өзгерістер енгізу; қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі; 2014 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі; 2014 жылға арналған қалалық

бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі қарастырылып, түрлі комиссия құрамдарына өзгерістер енгізіліп бекітілді. Тұрақты комиссия жұмысын депутат Жұмаханова Панар Айдарханқызы басқарады, комиссия мүшелері депутат Попченко Светлана Борисовна, Дюсембаев Дулат Орынбасарұлы.

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы 5 отырыс өткізді. Отырыста қала бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту; Ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімінің жұмысы туралы есебі; Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің атқарылған жұмыстары туралы есебі; қаланың 2015-2016 жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі қарастырылып, түрлі комиссия құрамдарына өзгерістер енгізіліп бекітілді. Тұрақты комиссия жұмысын депутат Орынбеков Мұрат Сағадидұлы басқарады, комиссия мүшелері депутат Зейнеғазиев Сейтказы Зейнеғазидұлы, Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы және Балтышев Ерік Таткенұлы.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы 5 отырыс өткізді. Отырыста 2014 жылы қаладағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстарды ашу барысында атқарылған жұмыстары туралы есебі; жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмысы туралы есебі; мәдениет саласы бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі; жасөспірімдер мен кәмелетке толмаған жастар арасындағы комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі; білім беру бөлімінің атқарылған жұмыстары бойынша есебі; жұмыспен қамту орталығының атқарылған жұмыстары туралы есебі; жастармен жұмыс жөніндегі орталығының атқарылған жұмыстары туралы есебі қарастырылып, түрлі комиссия құрамдарына өзгерістер енгізіліп бекітілді. Тұрақты комиссия жұмысын депутат Кеңесов Жалмұрат Кеңесұлы басқарады, комиссия мүшелері депутат Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы, Абдимуталипов Жали Лесбекұлы.

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер және әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиялары келіп түскен өтініші бойынша 2 отырыс өткізіп, комиссияның қаулысы негізінде өтініш несине жауап берілді.

Жыл сайын мәслихат хатшысы мен тұрақты комиссия төрағалары сессияда жыл бойы атқарған жұмыстары байынша есеп беруін жалғастыруда.

Сайлаушылар мен депутаттардың арасындағы қарым қатынасты үзбеу үшін депутаттардың қабылдау кестесі жасалып, «Приозерский вестник» газеті мен мәслихаттың сайтына жарияланды.

Егер 2014 жылдың 9 айында депутаттар көбіне коммуналдық мәселелер болған 68 сауал қойылған 26 кездесу өткізсе, 2015 жылдың 9 айында 14 кездесу өткізді, онда 226 сайлаушы қатысып, коммуналдық сала, медициналық көмек көрсету, жұмысқа орналасу сияқты 205 сауал қойылған.

Қалалық мәслихат депутаттарының жыл сайын ашық есік күнін өткізу дәстүрге айналды. 2014 жылдың 14 қазанында өткен ашық есік күніне 7 сайлаушы қатысып, әртүрлі 9 сауал мен өтініш берді.

Мәслихат хатшысы ретінде мен күн сайын сайлаушылардың жеке сауалдары бойынша қабылдау жүргіземін. Есеп беру кезеңінде 11 адам қабылдауда болып, 17 сауал қойып, сол мезетте барлығына жауаптарын алды.

Биылғы жылы қалалық мәслихатқа мем-

(соңы 4 бет.)

ОТЧЕТ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЕГО ПОСТОЯННЫХ КОМИССИЙ, В ПЕРИОД С ОКТЯБРЯ 2014 ГОДА ПО ОКТЯБРЬ 2015 ГОДА

Уважаемые жители города Приозерск!

В соответствии с регламентом городского маслихата, секретарь маслихата отчитывается один раз в год перед населением, в связи с чем представляю отчет о проделанной работе городского маслихата, деятельности его постоянных комиссий в период с октября 2014 года по октябрь 2015 года. Маслихат - выборный орган, избираемый населением города, выражающий волю населения и в соответствии с законодательством Республики Казахстан определяющий меры, необходимые для ее реализации, и контролирующий их осуществление.

Как секретарь городского маслихата постоянно участвую во всех заседаниях городского акимата, оперативных совещаниях проводимых Акимом. Депутаты принимают активное участие во встречах членами консультативно-совещательных органов и Советов исполнительного органа. Все это позволяет улучшить взаимную информированность, найти пути решения возникающих проблем.

Основной формой деятельности маслихата является сессия, на которой решаются вопросы, отнесенные к его ведению. Вопросы на рассмотрение сессии вносятся председателем сессии, комиссиями, депутатами, Акимом города.

За четвертый квартал 2014 года проведено 2 сессий, из них - 1 внеочередная. Всего на сессиях рассмотрено 24 вопроса.

За 9 месяцев 2015 года проведено 5 сессий, из них - 2 внеочередных. Всего рассмотрено 52 вопросов, в том числе отчет акима перед депутатами, отчет ревизионной комиссии по Карагандинской области по исполнению и освоению бюджетных средств города, также 12 отчетов руководителей городских организации. Принято к сведению сообщение территориальной избирательной комиссии об избрании Балтышева Ерика Таткеновича депутатом по избирательному округу №5.

Все мероприятия городского маслихата проводятся в режиме открытости и прозрачности. В работе сессий обязательно принимают участие Аким города и его заместители. Приглашаются руководители предприятий, организаций, государственных органов.

Для получения оперативной информации от населения мы через городскую газету и интернет ресурсы заранее информируем население о дате проведения и повестке дня сессии.

Согласно Закона Республики Казахстан «О нормативных правовых актах» решения сессии, усматривающие правовые нормы, проходят государственную регистрацию в областном Департаменте юстиции и вносятся в Республиканский центр правовой информации. За отчетный период принято 7 нормативных правовых актов, все они прошли государственную регистрацию и являются документом обязательного исполнения на территории города. Ранее принятый один нормативный документ был признан утратившим силу в связи с изменением в законе. Один из поступивший к рассмотрению нормативно правовой документ был отправлен исполнителю на доработку, второй был возвращен, так как данный документ рассматривается в ведении областного маслихата.

В городском маслихате работает три постоянных комиссии. Так за отчетный период:

Постоянной комиссией по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса, проведено 6 заседаний. Рассмотрены вопросы о внесении дополнений и изменений в бюджет города на 2014-2016 годы и на 2015-2017 годы; отчет о ходе

социально-экономического развития города; отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2014 год; отчет по исполнению и освоению бюджетных средств города за 2014 год; утверждены и внесены изменения в различные составы комиссии. Работой постоянной комиссии руководит депутат Жумаханова Панар Айдархановна, члены комиссии депутаты Попченко Светлана Борисовна, Дюсембаев Дулат Орынбасарович.

Постоянной комиссией по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам проведено 5 заседаний. Рассмотрены вопросы об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по городу; отчет о проделанной работе отдела сельского хозяйства и ветеринарии; отчет о проделанной работе отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции; отчет о подготовке к отопительному сезону 2015-2016 годы; утверждены и внесены изменения в различные составы комиссии. Председателем комиссии является депутат Орынбеков Мурат Сағадиевич, члены комиссии депутаты Зейнеғазиев Сейтказы Зейнеғазиевич, Карабалаев Талғат Алимджанович и Балтышев Ерік Таткенович.

Постоянной комиссией по социально-культурному развитию и социальной защите населению проведено 5 заседаний. Рассмотрены вопросы о проделанной работе по предотвращению и раскрываемости преступности и правонарушений в городе за 2014 год; о работе отдела занятости и социальных программ; о проделанной работе в сфере культуры; о проделанной работе комиссии по делам несовершеннолетних и подростков города; о проделанной работе отдела образования; о проделанной работе центра занятости; отчет о проделанной работе городской центральной больницы; отчет о проделанной работе центра по работе с молодежью; утверждены и внесены изменения в различные составы комиссии. Председателем комиссии является депутат Кеңесов Жалмурат Кеңесович, члены комиссии депутаты Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллаевна, Абдимуталипов Жали Лесбекович.

Постоянные комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству, аграрным вопросам и социально-культурному развитию и социальной защите населению проводили два заседания по обращению. Согласно постановлению комиссии даны ответы заявителю.

Также ежегодно секретарь маслихата и председатели постоянных комиссии продолжают отчитываются на сессии о проделанной работе за год.

В целях улучшения работы депутатов со своими избирателями разработан график приема и опубликован в газете «Приозерский вестник», на сайте маслихата.

Если депутаты за 9 месяцев 2014 года провели 26 встреч, где было задано 68 вопросов, многие из них по коммунальным проблемам, то за 9 месяцев 2015 года проведено 14 встреч, присутствовало 226 избирателей и задано 205 вопросов по коммунальной сфере, оказаний медицинской помощи, устройству на работу.

Стало традицией ежегодного проведение депутатами городского маслихата дня открытых дверей. 14 октября 2014 года в день открытых дверей приняли участие 7 избирателей и задали 9 различных вопросов и предложений.

Я, как секретарь городского маслихата, ежедневно веду прием избирателей по личным вопросам. За отчетный период на приеме участвовало 11 человек и задано 17 вопросов, которым сразу даны ответы.

(окончание на стр.4)

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ, ОНЫҢ ТҮРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 2014 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ МЕН 2015 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ АРАЛЫҒЫНА ЕСЕБІ

(соңы. басы 3 бет.)

лекеттік органдар мен жеке тұлғалардан 173 хат келіп түсті. Барлығына жауаптар беріліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Қалалық мәслихаттың депутаттары жыл сайын қалада өтетін әртүрлі іс-шараларды іске асыруда демеушілік жасап, және де қаланы безендіру мен абаттандыруға техникамен көмектеседі.

Мәслихат жұмысын жақсартуда электрондық пошта, қалалық мәслихаттың сайты енгізілген интернет үлкен көмек көрсетуде.

Әрбір маманның жұмыс көлемін анықтайтын лауазымдық міндеттері анықталып, мемлекеттік қызмет істері агенттігімен келісіліп, бекітілген.

Қалалық мәслихат аппараты мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың жаңа технологияларын енгізу саласы бойынша мемлекеттік қызметкерлер туралы мәліметтерін, құжаттардың сақталуы, іріктелуі, барлық сұраныстары бойынша ақпараттық бағдарламасы енгізілген «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесімен жұмысын бастады.

Осы жүйені енгізу, қағаз жұмыстарын азайтуға, кадрлық жұмыстағы бюрократиялық үдерістерді автоматтандыруға және мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу байқауларының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Аппарат жұмысы облыстық мәслихат аппаратымен, облыстық әділет департаментімен және қала әкім аппаратымен тығыз қарым-қатынаста жүргізіледі. Мәслихат аппараты мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

Құрметті қала тұрғындары!

Мен қалалық мәслихаттың атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы 2014 жылдың қазан айы мен 2015 жылдың қазан айы аралығында атқарған жұмыстары туралы сіздерді хабардар етіп отырмын. Сессия және тұрақты комиссия жұмысын одан әрі жетілдіруде, әр депутаттың белсенділігін арттыруда сіздерден ұсыныс күтеміз.

Б.Сәрсембеков,

қалалық мәслихат хатшысы

ОТЧЕТ

О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЕГО ПОСТОЯННЫХ КОМИССИЙ, В ПЕРИОД С ОКТЯБРЯ 2014 ГОДА ПО ОКТЯБРЬ 2015 ГОДА

(окончание. начало на стр.3)

В текущем году в городской маслихат поступило 173 писем из государственных органов и частных лиц. По всем даны ответы и проведена соответствующая работа.

Ежегодно депутаты городского маслихата оказывают спонсорскую помощь в реализации различных мероприятий в городе, а также помогают техникой при проведении мероприятия по благоустройству и оформлению города.

Большую помощь в работе маслихата оказывает электронная почта, интернет, где размещен сайт городского маслихата.

Объем работы каждого специалиста определен должностными обязанностями, согласованными и утвержденными агентством государственной службы.

Аппарат маслихата начал работать интегрированной информационной системой «Е-қызмет» - система управления персоналом государственной службы, предназначенная для хранения, обработки, поиска, распространения, передачи и предоставления информации о персонале государственной службы с применением аппаратно-программного комплекса.

Внедрение этой системы позволит сократить бумажный документооборот, автоматизировать бюрократические процессы кадровой работы и повысить прозрачность конкурсных отборов претендентов на госслужбу.

Работа аппарата проводится в тесном контакте с аппаратом областного маслихата, областным департаментом юстиции, аппаратом акима города. Аппарат маслихата осуществляет организационное, правовое, материально-техническое и иное обеспечение маслихата и его органов, оказывает помощь депутатам в осуществлении их полномочий.

Уважаемые жители города Приозерск!

Я проинформировал вас о работе проделанной городским маслихатом, деятельности его постоянных комиссий в период с октября 2014 года по октябрь 2015 года. Ждем Ваших предложения по улучшению и совершенствованию работы сессий и постоянных комиссий, повышению активности каждого депутата.

Б.Сәрсембеков,

секретарь городского маслихата

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЦЕНТР ПО ВЫПЛАТЕ ПЕНСИЙ НА СЛУЖБЕ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ

Государственный центр по выплате пенсий (ГЦВП) создан в Республике Казахстан Постановлением Правительства Республики Казахстан от 4 июня 1997 года №926. ГЦВП является основным оператором Правительства в системе учета и осуществления социальных выплат населению. ГЦВП имеет развитую филиальную сеть, которая соответствует административно-территориальному делению страны: 16 областных филиалов, 219 районных и городских отделений. Кроме того, в ряде густонаселенных регионов имеются филиалы отделений.

Региональными подразделениями ГЦВП ежедневно ведется прием порядка 15 тыс. человек по различным вопросам в

области социальной сферы. Общими тенденциями, характеризующими деятельность ГЦВП, является постоянный рост объема социальных выплат, финансовых потоков и оказываемых услуг населению страны. В целом по республике в ГЦВП работает коллектив общей численностью 4 322 специалиста.

В ГЦВП внедрена технология организации персонализированного учета и осуществления базовых и страховых выплат, с использованием электронной обработки данных, создана централизованная база данных получателей и вкладчиков в накопительной пенсионной системе, база данных инвалидов, внедрена система электронного назначения системы социального

страхования, сформирован электронный архив получателей пенсий и пособий.

Приозерское отделение ГЦВП было открыто в октябре 1997 года. Первым начальником районного отделения был Юлдашбаев Ермаханбет Мамасаитович. Первоначально в отделении работало 2 специалиста.

Приозерское отделение обслуживает 832 пенсионера, 189 инвалидов, 91 получателя государственного пособия по потере кормильца, 473 получателей специального государственного пособия, пособие на рождение ребенка в 2015 году получили 168 семей.

Из государственного фонда социального страхования социальные выплаты

по утрате трудоспособности получают 37 человек, по потере кормильца 14 человек, по потере работы 1 человек, по беременности и родам 101 женщина, по уходу за ребенком до достижения 1 года 164 женщины.

В отделении ГЦВП постоянно улучшается порядок приема и обращения граждан, внедряется новое оборудование и передовые технологии.

В преддверии праздника социального работника коллектив Приозерского отделения желает нашим получателям здоровья, счастья и долголетия!

Рахматулина Д.А.,

начальник Приозерского отделения

ЖАПЫРАҚ ЖАЙҒАН БӘЙТЕРЕК

(соңы. басы 2 бет.)

тінде абырой-атаққа да, сый-құрметке де ие болды. Ол – бұған лайық еді. Омырауына таққан «Шұхрат» ордені мен 4 төсбелгі осының айғағы.

Әділхан ағай бізге жоғарғы сыныптарда химия және физика пәндерінен дәріс берді. Сыныптағы ең ауыр пәндерден саналатын осы дәрістердің өзінде бөлменің ішінде тыныштық орнап қалатын. Себебі түрлі көргізілбектер мен құралдардан пайдаланып, қарапайым тұрмыстық заттарды қолдану арқылы да заттардың әрекеттенуіне тәжірибе жүргізумен сабақты түсіндіретіндіктен, дәріс тартымды да, қызықты өтетін еді. Мектепте білім дәрежесі, азаматтық денгейі жағынан да алдыңғы қатарлы ұстаздар тобында болды. Осындай жақсы қасиеттерінің арқасында ұзақ жылдар бойы мектеп директоры болып, үлкен ұжымға басшылық етті. Ол жылдарды Әдекең қызмет еткен Ломоносов атындағы мектеп ауданда және облыста барлық жағынан үздік білім беру мекемесінің қатарында болатын. Осы мектептен ақын да, әкім де, өнерпаз да, өзі таң-

даған саласының жетік мамандары да шықты. Бүгінде Әділхан аға өзінің осындай шәкірттер дайындағанына мақтанса, оқушылары сол кісідей ұстаздардың тәлім-тәрбиесін алғанын мақтан тұтады. Бұл – ұстаз үшін мерей әрі мол бақыт емес пе?!

Бүгінде жетпістің алтауын артта қалдырған Ә.Наушаруанов пен Рәзия апайдан өрбіген Төрехан, Құралбек және Оразбек есімді 3 ұл мен Тұрсынбай, Гәуһар, Алтынай, Гүлмира мен Валентина атты 5 қыз қоғам мен отбасынан өз орындарын тапқан бір-бір шаңырақ иелері. Осы перзенттерден туған 24 немере өмірлерінің жалғасы. Бір сөзбен айтқанда – Әділхан аға мен Рәзия апа жапырақтарын кенге жайған алып бәйтеректер. Әдекеңді осында Тамды өңірінен келген ел-жұрт көнеңің көзі, асылдың сынығы ретінде құрмет тұтады. Той-жынында алдына бас тартып, батасын алуға арнайы шақырып тұрады. Тұмысынан көп сөйлей бермейтін сырбаз кісі ретін тауып әңгіме өрбітсең, көкірегі толған қазына, санасы толы сыр сандық. Естігенін ұмытпайтын, жүйеліп айтып беретін әңгімешілдігі өз алдына. Биыл осы

екі қарияның бас қосқандарына елу жыл толыпты, яғни, алтын тойларын балалары атап отуді ниет етіп отыр екен. Ұлағатты ұстаз, асқаралы әке, қазыналы қария, ақылман ақсақал Ә.Наушаруановты қарттар күнімен, төл мерекесі – ұстаздар

күнімен құттықтай отырып, ұзақ және құрметті қариялық ғұмыр тілейміз!

Н.ҚЫДЫРМУРАТУЛЫ.

Суретте: Ә.Наушаруанов пен Рәзия ана немересімен

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

НЕДВИЖИМОСТЬ

Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая.
Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая.
Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Телефоны: 8-701-481-47-98, 8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40
Рассмотрим варианты!

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мадн.
Тел. 87026988613

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 42/427 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.